

fr. A. Aleksandrova, N. Epifancevoj, I. Itkina, S. Fokina, per. s angl. M. Ryklina. M. Algoritm, 2009, 240 (in Russ).

3. Il'jasov F.N., Fenomen straha smerti v sovremennom obshhestve. Farhad Il'jasov. Sociologicheskie issledovanija. 2010, 9, 80, 86. (in Russ).

4. Biblija, abo Knigi Svjatogo Pis'ma Starogo j Novogo Zapovitu. per. z davn'oevr. ta dvn'ogrec. Ukr. Bibl. tov. K. Ukraïns'ke Biblijne tovaristvo, 1994 (in Russ).

5. Jepikur., Pis'mo k Menekeju. Elektronnij resurs. Jepikur. Rezhim dostupu. <http://ancientrome.ru/antlitr/t.htm?a=1358238790#sel> (in Russ).

6. Platon. Dialogi., Per. z davn'ogrec'koï. Peredmovn V.V. Shkodi, G.M. Kuc, Primitki J. Kobova, Harkiv. Folio, 2008, 349 (in Ukr).

7. Berdjaev N.A., Tvorchestvo i obektivacija. Opyt Jeshatologicheskoy metafiziki. Nikolaj Berdjaev. Berdjaev N.A. Carstvo Duha i carstvo kesarja. Moskva, 1995, Rezhim dostupu. http://odinblago.ru/tvorch_i_obiektiv/ (in Russ).

8. Malik V., Naukovi pidhođi do viznachennja sutnistnih harakteristik eshatologii. Vasil' Malik. Ukraïns'ke religieznavstvo. 61, 2012, 17, 27 (in Ukr).

9. Dahnij A., Ekzistencijno ontologichna interpretacija problemi smerti i filosofii Martina Gajdeggera. Andrij Dahnij. Doksa. 2009. Vip. 14. 194, 203 (in Ukr).

10. Hajdegger M., Bytie i vremja. Martin Hajdegger, per. s nem. V.V. Bibihin. M. Nauka, 1997, 451 (in Russ).

11. Fedorov N.F., Sochinenija. Nikolaj Fedorov. obshh. red. A.V. Gulyga, Vstup. stat'ja, primech. i sost. S.G. Semenovoj. M. Mysl', 1982, 711 (in Russ).

12. Vishev I.V., Gomo immortalis. Chelovek bessmertnyj Cheljabinsk, 1999 <http://mirrebenka.narod.ru/immortolog1.htm> (in Russ).

ӘОЖ 82.09:784.4

Б.А. ЕРДЕМБЕКОВ, Қ. ДҮРГІНБАЙ

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,
Өскемен қ., Қазақстан

ТАҒДЫРЛЫ ТАРИХТЫҢ КУӘСІНА АЙНАЛҒАН ӘНДЕР

Мақалада Моңғолия мен Қытай Халық Республикасын мекен етіп жатқан қазақтардың арасында кеңінен таралған әндердің шығу тарихы зерттеліп, зерделенеді. Ән мәтініндегі халық тағдыры мен тарихына қатысты тұстары қаралып, мысалдар негізінде дәлелденіп, ғылыми тұрғыдан тұжырымдалды.

Түйін сөз: ән, тарих, тағдыр, өлең, халық, қазақ, көш.

ПЕСНИ, КОТОРЫЕ СВИДЕТЕЛЬСТВУЮТ О СУДЬБОНОСНОЙ ИСТОРИИ

В статье осмыслены и исследованы истории песен, которые широко распространены в диаспоре казахов, живущих в Китайской Народной Республике и в Монголии. В текстах песен рассмотрена судьба и история народа и сделан вывод на основании примеров, сформулированных в научной форме.

Ключевые: песня, история, судьба, стихи, народ, казах, кочевая жизнь.

SONGS THAT SHOW THE FATEFUL STORIES

The article comprehended and investigated song stories which widespread in diaspora of Kazakh who live in the Chinese National Republic and Mongolia. In the lyrics there are destiny and history of the people and it is concluded on the basis of examples, which was formulated in the scientific form.

Keywords: song, history, destiny, verses, people, the Kazakh, nomadic life.

Қазақтың кең даласының шығыс жақ шеті, Алтай сілемі арқылы Қытай асып, Моңғол жерінің батысын алып, Ресейге қарасты Қосағаш аумағымен айналып қосылып жатқаны бізге мәлім. Қазақ халқы Алтайды ежелден айнала қоныстанған халық екендігімізді әуелеп ұшқан ән-жырымыз да дәлелдеп беретіндей. Олай деуімізге себеп, Алтайдың арғы бетінен әуелеп бүгінге жетіп, халық әніне айналып үлгерген «Ағажай», «Ой, Ғайша», «Сұлубайдың әні», «Қазын-ай» және М. Пұшатайұлының шығармашылығынан туған «Ақсапар», «Толғау», «Ел көшкенде», «Жаңа ауыл» қатарлы ән-жырларымыздың әлі күнге дейін қалықтап халық арасында айтылып жүргендігі.

Ән де – тарихи шежіре. Ән тарихы арқылы ел тарихы мен жер тарихын, ел тағдыры мен жер тағдырын еске түсіріп, санада сақтауға болады. Әрбір әннің мәтінінде кездесетін жер, су атауларына қарап туған өлкесін, жыл атаулары немесе уақыт көрсеткіштері арқылы қай кезеңде туған ән екендігін танып білеміз. Тақырыпты талқылау барысында аталған әндер арқылы айтар ойымызға айғақ, дөп басып айтар дәлел тауып көрмекпіз.

Мақалада тарих толқынынан тағылым берер тарихи әндер талданып, талқыға салынады. Қазақ даласынан сыр шертер әні әуезді, тарихы терең, тағылымы мол әндер жетерлік. Соның ішінде шекара сызығының сыртында қалған қазақтардың тағдырлы әндері талқыға салынып, талданады. Тарам-тарам тарихтың куәсі болған тағдырлы әндердің бірі Қытай және Моңғол қазақтарының арасында айтылып жүрген, қарсылық жырларының қатарына жататын Бүркітбайдың «Ой, Ғайша» әні. Ән авторы Бүркітбай – 1904 ж. ҚХР Алтай аймағына қарасты Көктоғай ауданында туған батыр, әнші әрі ақын болған тағдырлы тұлғалардың бірі. Оның ақындығы мен батырлығының дәлелін осы «Ой, Ғайша» әнінің мәтінінен байқауға болады.

«...Батыр болып атандым мен Бүркітбай,
Ойладым ба болам деп дәл осындай, ой, Ғайша,
Ел-жұртымнан айырылып кетіп барам,

Қара тұман ашылып, күн бір шықпай, ой, Ғайша-ай», – деп зарлы әуенмен басталатын бұл ән бір жағы «жорық» жыры іспетті болса, екінші жағынан, «қоштасу» әні [1]. Бұл ән бір ғана Бүркітбайдың ғана зары емес, бүкіл еңіреген елдің өзегін өртеген өкініші еді. Өйткені сол заманда Шыңжаңды билеген КСРО ықпалында билік жүргізген Шэн Шицай (1933-1944 жж.) мен

гоминьдан әскерінің қатыгездігі, Алтайдың арғы бетіндегі қазақтардың жайлы тірлігінің жайын кетіріп, мазасын қашырды. Сол тұста момын елге бағытталған айдау мен байлау басталды. Үрку мен үрей билеген халық атқа қонды. Сол бір тағдырлы тарихи кезеңнің қал-жайы осылай әнге айналды. Әке мен бала, аға мен іні қоштасу жырын қосыла айтуға мәжбүр болды. Үрей билеген ел үрке көшті.

«...Менің атым Бүркітбай,

Сабаға құйған іркітті-ай.

Жайын жатқан елімді,

Құйыршық келіп үркітті-ай», – деп қайталанып отыратын «Ой, Ғайша» әнінің қайырмасы арқылы осы кезеңдегі елдің ішкі қарсылығы әнге арқау болды [1]. Бұл ән сол тұстағы халықтың ішкі зары мен мұңы еді. Үріккен елдің үрейі әуелеген әнге айналарын ешкім ойламады. Әннің мұңды әуені адамның қабырғасын қайыстырады. «Қай ғасырдағы болмасын аса маңызды оқиға мен тарихи ұмытылмас сәтті кейінгі ұрпаққа айғақ еткен де ән әуезі. Ән – қоғамның тыныс тіршілігіне дер уақытында үн қосып отыратын бұқаралық құралдың бірі, рухани қазынамыздың шежіресі. Әнде халықтың басынан кешірген тарихы таңба басқандай анық көрінеді» [2]. Соның бір куәсі осы «Ой, Ғайша» әні.

«...Мен өлсем де артымда елім қалды,

Асқар Алтай, айдын көл, жерім қалды,

Өкінбеймін өлсем де елім үшін,

Алып берер кегімді ерім қалды», – деп қайғысы мен жұбанышы аралас ән қалдырған Бүркітбай батыр қапияда қолға түсіп, ату жазасына кесілген еді [1]. Батыр әні арқылы бар арман-мұратын, өкінішін, сенімін жеткізді. Жерін еліне, кегін еріне тапсырды. Яғни ән әлемінен адамзатқа тән құбылыстардың барлығын кездестіруге болады.

Тағдырлы халықтың тарихы бір. Әуезді әні, мұңды музыкасы ортақ. «Ой, Ғайша» әнімен тағдырлас туған, мазмұндас болып келетін тағы бір ән – «Сұлубайдың әні». Сұлубай мен Бүркітбай бір дәуірдің қыраны. Екеуі де батыр, екеуі де әнші болған. Екеуі де тағдырдың тәлкегін бірге тартқан тарландар.

«...Астымда алқоңырым желмедің ғой,

Құдайым сұрағанды бермедің ғой.

Талпынып қанша қанат қаққанменен,

Қысқа жіп күрмеуіме келмедің ғой.

Секпілтай, Шаңқан, Тұрғын-ай,

Есен бол ел-жұрт, құрбым-ай», – деп басталатын әннің өн бойынан өксікті өкініш лебі есіп тұрады [1]. Өлең өрнегіндегі «Секпілтай», «Шаңқан», «Тұрғын» қатарлы жер атаулары – өлеңмен сызылған шекара шебі. Аталған жерлер – Алтайдың күңгей сілемінде орналасқан қазақтың жаз-жайлау, қыс-қыстауы болып отырған өлкелер. Қазіргі таңда Қытай еліне қарағанмен қазақтың

ата қонысы. Ата қоныс екендігінің дәлелі, өлеңнің өн бойында өріп жүрген қазақы жер атаулары. «Сұлубайдың әні» аспан асты елінің де назарында жүрген ән. Олай деуге себеп, бұл әннің қытай тіліне аударылғанын интернет бетінен көруге болады. Сондықтан қазақ халқы осылай ән арқылы әлемдік картаға дәлел салып, шекара шебін белгілеген халық екендігін аспан асты еліне аян, мәлім етеді.

«...Түнде құмда жатушы ем,
Жауды көрсем атушы ем.
Жолдас мықты болғанда,

Аман-есен қайтушы ем», – деп өзінің өзегін өртеген өкінішін өлеңмен өрнектеді [1]. «Қытайды көрсем атушы ем» деген түпнұсқа жолы «Жауды көрсем атушы ем» болып аспан асты елінің қаһарына ұшырамас үшін өзгертіліп айтылуға мәжбүр болды. Бастысы, жорық жолында халқы үшін мерт болған батырдың жебедей өткір сөздері өлеңге оранып, ән болып халықтады. Тал бесіктен жер бесікке дейін әнмен әрленіп, жырмен көмкерілер адам ғұмыры және бұл тағдырдың қазақ баласына қатысы туралы ұлы Абай: «Туғанда дүние есігін ашады өлең, Өлеңмен жер қойнына кірер денең», – деп толғайды. Абайдың айтқанын Сұлубай батыр мен Бүркітбай батырдың тағдыры растағандай.

«...Қолға түсіп қор болдым,

Отыз жеті жасымда-ай», – деп жырлаған Бүркітбай, жорық жолында жау оғынан мерт болған Сұлубайдың ғұмыры әлдімен тербеліп келіп, қоштасу жыры, яғни «Ой, Ғайша» және «Сұлубайдың әні» қатарлы жорық жырларымен жер қойнына тапсырылды. Батырлардан кейінгі ұрпаққа қалған тәбәрақ осы әндер болды. Бүгінгі ұрпақ бұл әндерді қайталап айту арқылы тарихқа тағзым жасауда.

Өткен өмірдің өкінішін өзекке құятын тағы бір ән бар. Ол – «Ағажай» әні. Әннің шығу тарихы туралы Жәди Шәкенұлы былай баяндайды: «...Елдің Алтайдан ауған қанды көшінің бір шоғыры 1935-1940 жылдары болғанын ескерсек, әннің осы тұста туғандығы бір шама шындыққа жақындайды. Қалай болған күнде де әннің өзі айтып тұрғандай, ол Алтайдан ауған елдің сағынышты зарынан туғандығына ешкімнің таласы жоқ» [3]. Бұл пікірдің растығын әндегі өлең шумақтары да дәлелдейді. Алтайдан ауа көшкен елдің тарихын еске салар ән былай басталады:

«Өр Алтайдан дүркіреп ел көшті ғой,
Ақдаланың төсінен оқ есті ғой.
Қара арғымақ сүрініп қу томарға,
Қара нардың бұйдасын жау кесті ғой.
Ағажай, Алтайдай жер қайда-ай!

Немесе:

Елім көшіп қаңырап жерім қалды,
Асқар асу, шұрайлы белім қалды.
Омырауын қарт ана жаспен жуып,
Қарай-қарай мекенге көзі талды.
Ағажай, Алтайдай жер қайда-ай!» [4].

Қара нардың бұйдасын жау кескен қатыгез жылдардың көрінісі екендігі қак. Бұл әнді Алтайдан ауа көшкен елдің тарихқа әнмен салған мөрі деуге де болады. Жарыла көшкен елдің жарымы Тибет асып, Индияны басып, Түркияға бет алған жорықтағы зар гимні. Қарай-қарай мекенге көзі талып Ховда бетіне көшкен елдің көңіл күйі, бәрі-бәрінің қасіретін қара өлең ғана көтере білгендей. Қазақ халқының мақтаныш етер асыл мұра, рухани жәдігерліктерінің ішінде ғасырлар сүзгісінен өтіп, бүгінге жеткен көл-көсір ән қазынасы ерекше орын алатындығын көрсеткендей. Әннің күдіреттілігі де сол. Әрбір тағдырлы тарих қатыгез жылдар қайғысын қара өлеңге орап қалдырып кеткендей. «Ағажай» әні Алтайдағы елдің әнұраны деуге де болады.

Қариялардың мұндана салып отыратын әндерінің бірі «Қазын-ай» әні. Бұл әнді әу баста халық әні деп білді бір қауым ел. Солай деуге де болар еді. Өйткені халық жадында халық әні ретінде сақталды. Алайда бертін келе жазушы, әрі зерттеуші Жәди Шәкенұлы ән авторын атап көрсетеді. «Қазына-ай» әнін халық әні деуге болмайды. Жаңсақ айтылып жүрген әндердің бірі «Қазына-ай». Мұны ақын Керім Елемесұлы ән жинақтарында «халық әні» деп ұсынса, енді бірде «Назым-ай» деп жаңсақ айтады. Ән ақиқатына келсек, әннің авторы Жұмақан Сабырбай ұлы. ол 1920 ж. өр Алтайда дүниеге келген. Бұл туралы Шинжияң телевизиясы қазақша каналының Жұмақан ақсақалмен жүргізген аға редактор Өнерхан Өгізбайұлының сұхбатын өз көзіммен көріп, ет құлағыммен естіген едім», – деген пікір білдіреді Жәди Шәкенұлы [3]. Әр туындының ақиесі болғаны абзал. Алайда халық жадында халық әні ретінде сақталған «Қазын-ай» әнінің тарихы мен тағылымы, мәні мен мазмұны терең.

«... Қара керді үкілеп міндім жәйлап,
Жүруші едік, қазына, күліп-ойнап.
Дәм-рыздық, айырылып осы жерден,
Үштепсеңнен Серкерге астың мойнақ.
Қайырмасы:
Ей, қазына-ай,
Жазғы таңның ой азын-ай,
Үріккен аққу қонбайды,

Қайта айналып ой сазына-ай», – деп қайырмасына қайырылып қайта соғып отыратын «Қазын-ай» әнінде қайғыдан көрі мұң басым [5]. «Жазғы таңның ой азын-ай» деп қызықты күндерінің артта қалып, қамшының сабындай

қысқа ғұмырының жылжып аққан жыланбауыр жылдардың жетегінде кеткеніне налиды. Үзілген үкілі үмітінің түйінін «Үріккен аққу қонбайды, қайта айналып ой сазына-ай» деп түйеді. Үріксе үрейін басу үшін ұзақ уақыт кететін қазақтың кәнігі мінезінің суреті. Себебі, қазақ қарыны тойған жерге қайта айналып қона берер күзғын емес. Сондықтан да болар ән авторының өзін үріккен аққуға тенеуі. Аққу да киелі құс. Қонған көлінен үркітсеңіз қайта оралуы екіталай. Ал ән кейіпкерінің не үшін үріккенін ән тарихынан ұғуға болады.

Ал ән тарихы хақында: «...Жұмақан ақсақал «Қазына-ай» әнін азаматтықтың алтын дәуірі дәл жиырма бес жасында, 1945 ж. шілдеде шығарыпты. 1944 ж. Жұмақанның үйі Жырғылты деген жерді жайлайды. Артықбайдың (Қазынаның әкесі) ауылы қанаттас жақын отырады...», – деп басталған әңгіме, екеуінің арасындағы махаббат туралы сыр шертеді. Онан ары қарай: «Ғашықтық азабы жанын жегідей жеген жұлымыр Жұмақан қабырғасымен кеңесіп көріп, лайықты кезде қызды алып қашу бекіміне келеді. Бұл ойын өзінің жан достары Жұнжұма мен Ахметке айтады. Олар да өздерінің сүйген қыздарымен некелене алмай жүргенін шағып, құптайды. Орайлы кезде Ахмет Бағиланы (бұл екеуі «Қасен мен Жамила» киносындағы Қасен мен Жамиланың прототиптері), Жұнжұма Шәйшөкені, Жұмақан Қазынаны алып бірлікте қашуға келіседі. Бірақ ғашықтар сертіне жете алмай, Қазына Белдеубәйдің ұлы Дәукенге қалыңмалға ұзатылады. 1945 ж. ел Төр жайлауда отырған шілдеде Қазынаның ұзатылу тойы болады. Онда қазынаның ауылы үлкен Шіңгілдің Үштепсеңінде, Дәукеннің ауылы атақты Үшкөл жайлауының орта көлінде отырады. Ұзатылған қыз ұзаған сайын Жұмақан жүрегін мазасыздық, қимастық, сағыныш билейді. Егіледі, езіледі, домбырысын алып сары белде сарғайып таң атырады. Өзегінен жарып шыққан сағынышқа толы ыстық зар ән болып көтеріледі, «Қазына-ай» әні осылай туылады», – деп келтіреді Жәди Шәкенұлы [3]. Қоңыр мұңға оранған «Қазына-ай» әні де осылай тағдырлы тарихтың куәсіне айналды. Қазақ романдарында көрініс табатын қалың мал азабының әнге айналған түрі деуге де болады.

Көшпелі халықтың өткен өмірі, көне тарихы мен тағдырының таптырмас дәлелі – ән мұрасы. Әнге қиянат жасалса, тарихқа қиянат жасалғаны. Көшкен елдің көшімен бірге ән-жыры да көшіп отырды. Теріскей беттен тебіндеп қоныс тапқан Бай-бесік халқының да қалықтатып салар қоңыр әндері көп болды. Солардың ішінде М. Пұшатайұлының тарих толқынымен келген төрт әніне тоқталуға болады. Бұл әндердің тууына тарихи тағдыр себепші болды. Сол әндердің алғашқысы «Ақсапар» әні.

«Мың толқыдым Моңғолдан ел көшкенде,
Шын толқыдым Өлгейден сен көшкенде,
Ағыл-тегіл, сырласар күндер қайда,
Ақ жаңбыры көңілдің селдеткенде,

Қайырмасы:

Әлі де қандай күн туса,
Құстай ұшып жет деші,
Өлгейден көшіп кетсең де,

Өмірден көшіп кетпеші», – деп ақынды мың толқытып, жүз толғандырған тағы да көшкен елдің ішкі толқынысы еді [6]. 1991 ж. Қазақ Елі Тәуелсіздік таңын қарсы алғанда шекара сызығының сыртында қалған ағайынға есік ашылды. Сол тұстағы қопарыла көшкен елдің әнге айналған көрінісі. Туған топырағын тастап көшу кімге оңай тисін. Сол тұстағы халықтың жан дүниесіндегі қимастық, күдік, қорқыныш, үрей, сағынышты ақын ақөлеңге орап, ақ сапар тіледі. Араға жылдар емес ғасырлар салып ата жұрттағы ағайынға қайта тоғысу толғандырмай, толқытпай қоймады.

«...Тұнжыраймын тұңғиық сыр ақтармай,
Күліп тұрам сонда да жылап қалмай,
Сырлас күндер сусиды-ау, алыстайды-ау,
Бесбоғдадан ағатын бұлақтардай,

Немесе:

Ақ самолет аспанға көтерілді,
Мен де ұйқымнан ояндым неше күнгі,
Жарты жаным кеткендей бірге өзінмен,
Қанша ғұмыр білмеймін кешерімді» [6].

Ақын ішкі қимастығын: «Күліп тұрам сонда да жылап қалмай», – деп жырымен жайлап ғана жеткізеді. Жан дүниесі жылап тұрса да жанарының жасын көрсетпеді. Ондағы ойы – жан дүниесі толқыныстағы жорта көшкен елді жасытпау. Ақын жайын халық ойламаса да, халық жайын ақын ойлап мұң кешіп, тұңғиық толғанды. Адам баласы өмірінің бір бөлшегі – айналасындағы халық. Ақын: «Сырлас күндер сусиды-ау, алыстайды-ау», – деп халықпен бірге көшкен сырлас дос, ағайын-туысының алыстап бара жатқанын жырымен жеткізеді. Айрандай ұйыған ағайынның тарыдай шашылып, қазақ даласының түкпір-түкпіріне тарап жатқаны ақын жанына батты. Алайда өктем өмір өз дегеніне жетіп тынары бесенеден белгілі еді. Сол тұста отарлы елдің оймақтай жұртында өткен өмірі, балалық балғын шақтары қалып бара жатқанын өзгесі сезбесе де ақын жүрек аңдады. Азабына ақындығын арқау етті. Ақынның мың толқыған толқынды ойлары сазгер Бержан Файзоллаұлының мұңды музыкасымен қабысып, халықтап, ән боп ұшты. Артта қалған ағайынын сағынғанда сызылта салып отыратын әндерінің біріне айналды. Бүгінде «Ақсапар» әні көшкен елдің естелігін еске салар әндердің бірі болды.

«...Су түбінде жатқан тас
Жел толқытса шығады,

Ой түбінде жатқан сөз

Шер толқытса шығады», – деп [7] – Асан қайғы бабамыз жырлағандай ақынның тоқсаныншы жылдардың толғақты мәселесі толғандырғанда туған «Толғау» атты ән боп шарықтаған өлеңіне тоқталып көрсек:

«Жерім Моңғол болғанда елім керей,
Бірде баймын ағайын, бірде кедей,
Артық сөзге әуелден әуесім жоқ,
Өлең десе сайрайды тіл мен көмей» [6].

«Халықта күміс көмей, жез таңдай әншілер мен ақындар, сал-серілер өмір сүріп, туған елінің өткендегісі мен бүгінгісін жырлады. Соңына бағалы туындылар қалдырып, қашанда ел қамымен, оның тілек-мүддесімен бірге жүріп, біте қайнасып өтті», – деген Зейнұр Қоспақовтың пікірі айтар ойды айғақтай түскендей [2]. Құлақтан кіріп бойды алып, рухқа сіңген әндердің бірі осы «Толғау». Себебі сол тұстағы тарихи толқуды өлең ғана өзегіне қондыра алды. Халық арасында күбір-сыбыр көбейді. Бірі көшкісі келсе, бірі туған топырағын қимай қиналған халық толқуды, толғанды. Ақын бағыт-бағдар сұраған елге өлеңімен осылай жауап қатты.

«... Жақсы болсаң ағайын көре алмаған,
Жаман болсаң тағы да бере алмаған,
Өмір деген ұлы көш ұлы көшке,

Жұртта қалып қоймай ма ере алмаған», – деп жырлаған ақын адам баласының пендешілік мінезі мен ұстанымын алға тарта отырып, Абайша айтқанда: «Өзіңе сен өзінді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап», – деді [6]. Себебі сол тұстағы халықтың ұшарын жел, қонарын сай біліп тұрған шақ еді. Көшкен елде қуанышпен қатар көңілінде күдік пен күмән болды. Көшкені күмән мен күдіктің арасында, қалған ел өмір деген ұлы көштің теңінде «Толғау» әнін толқып айтып тіршіліктің түтінін тұтатты. Өйткені өмір заңдылығы солай болды.

«...Жеткізбейді-ау түбіне қу дүние,
Тізгініне тірліктің кімдер ие,
Жақсы ісінді көре алмай кей адамдар,

Жаралайды жаныңды жаққан күйе», – деп түйінделеді «Толғау» әні [6]. Бұл ән де халық үніне айналды. Топ қауымның торқалы тойда айтар толғауына, қойшының өрісте салар ыңылына айналған ән болды. Осылай халық тағдырын ақын «Толғау» әніне арқау етті.

Сайыпқыран Сұлубай батырдың әнінде: «...қайқая шапқан қаракер, қайырылар ма екен қайран ел», – деп келетін арман арқалаған шумақтар бар. Сол бір сүреңсіз тағдырды бастан кешкен батырлардың арман-тілегі орындалды. Қазақ Елі Тәуелсіздік алды. Еділден көшіп, Қаратауды басып, бір жартысы Тибет, Индия асып, бір шеті Алтайдың теріскей бетіне қоныс тепкен тағдырлы халық

1991 ж. қайырылып қайта қосылды. Әлемнің түкпір-түкпірінен ағылып қазақ халқы тарихи отанына ат басын бұрды. Сол бір көштің бір бөлігі Қосағаштан қозғалған еді. Қосағаш қазіргі таңда Ресей империясына қарасты қазақ ауылдарының қонысы. Бірде ақын М. Пұшатайұлы, әнші Шерікбай Ұнатұлы, композитор Бержан Файзуллаұлы бастаған Өлгейдің өнерпаздары атажұртта іссапармен болып қайтқан жолында жол-жөнекей Қосағаштың торқалы тойына ортақтасады. Дүбірлі думанның құрметіне ақын М. Пұшатайұлы табан асты өлең жазып, Композитор Б. Файзулла әнін шығарып, Әнші Ш. Ұнатұлы орындап шыққан ән «Жаңа ауыл» әні еді.

«Ұрпағы батырлар мен болыстардың-ай.

Құрбаны болдың нәубат соғыстардың-ай.

Алладан қалғаныңа ғұмыр тілеп-ай,

Жаңа ауыл жаңа жұртқа қоныстандың-ай», – деп басталады [6]. Ән жаңа қонысқа қонған ауылдың құрметіне орай туындаған. Айтылатын ой – той туралы емес, әндегі тарихи көріністің бейнеленуі. «Ұрпағы батырлар мен болыстардың-ай, құрбаны болдың нәубат соғыстардың-ай» деп келетін өлең жолдары өте әсерлі. Ақынның бұлай деп астарлай жырлауының себебі бар. Халық тарихын терең білетін қариялардың пайымдауынша, осы өлкеге қоныстанған халықтың біразы – совет өкіметі тұсында қазақ даласынан қуғын-сүргін көрген би, бай, болыстардың ұрпағы. Бір қауымы 1931-1933 жж. аралығында «Кенжебек айдаған жылдар» оқиғасы кезінде бөліне көшкен Баян-Өлгий қазақтары еді. Ресей империясының иелігіне өткенмен, тарихтан түркі тектес халықтың ата қонысына айналған Қосағаш өңіріне қоныстанған елдің өмірі ақын жырына арқау болды. Екі жол өлеңі арқылы халық тағдыры мен тарихын бедерлей білді.

«...Шайқалмаған ауылымның тұнықтары-ай.

Дәстүр-салтын қазақтың ұмытпағы-ай.

Ел намысын қорғайды ол, жер намысын,

Тірі қалған алтынның сынықтары-ай.

Немесе:

Орыс, моңғол арасының.

Дәнекері қалашығым.

Ұлы Абайдың ұрпақтары,

Мен қазақтың баласымын-ай.

Орыс, моңғол арасының.

Дәнекері қалашығым.

Алтайлықтар тату көршім.

Ағайыным жанашырым-ай», – деп қайырған ақын қалашықтың екі елдің ортасындағы дәнекер екендігін баса айтады [6]. Қосағаш Ресей империясының тұсауында отырған Таулы Алтай Республикасының үстіртінде

орналасқан. Ақынның «Алтайлықтар тату көршім» деп жырлауының себебі осы. Ақын Жәркен Бөдешұлы: «Алпауыттар талап, бұлап сорлатқан, атажұртқа көш келеді сол жақтан» дейді [8]. Тағдыр тәлкегімен талам-таражыға түскен қазақ жері қайда қалмады. Тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кетті. Өнге арқау болған Шүйдің байтақ даласы да Ресейдің иелігінде кеткен баба қонысымыз. «Ұлы Абайдың ұрпақтары, мен қазақтың баласымын-ай» деген шумақтардың тұжырымы Таласбек Әсемқұловтың мына бір пікіріне дөп келетіндей: «Өнерде ештеңе де жоқтан пайда болмайды. Әрбір жаңа құбылыс өзінің озық сипаттарымен де, әлсіз жақтарымен де өткен өнер үлгісімен тығыз байланыста. Ол байланыс сабақтастық сипатында ма, әлде қарсылық сипатында ма – ол сол сәттегі мәдени ситуацияға тәуелді, заман билігіндегі нәрсе» [9]. «Жаңа ауыл» әні де ұлы Абайдың ұрпақтарының сабақтас жыры. Осылай әрбір халықтың тарихы мен тағдырын әуелеп ұшқан әнінен, өрнектелген өлеңінен қазып алуға болады деп айтса артық болмас.

Ауыз толтырып айтарлықтай әнге айналған тарихымыз жетерлік. Қазақ баласының әнге айналған тарихи тағдырының жалғаса берер заңдылығының дәлеліндей, көшкен елдің тарихынан көрік беретін шетел қазақтарының әнұранына айналған «Ел көшкенде» әнін тарқатып талдай оқып, көңілге тоқуға болады:

«Үш Ойғырдың басынан ел көшкені-ай,
Қара бұлты Қобданың желдеткені-ай.
Бейбіт күнде бөлініп ағайыннан-ай,
Ойды күдік, бойды мұң меңдеткені-ай.

Немесе:

...Дөңгеленген келбетің,
Ұраңқайменен Дөрбетім.
Ел көшкенде – жер жетім,

Мен көшкенде-ай – сен жетім» [6]. Дәл сол тұстағы халықтың ойын дөп басып ақын ғана айта білгендей. Өнде: «...Сай-сүйегінді сырқыратар зар бар, сағыныш бар, қимастық бар, үміт бар, күдік бар, сенім бар, жігерлендіру бар – бәрі бар бұл әнде», – дейді Ә. Қайырбеков [10]. Әрине жеті ата-бабаң жатқан жерді жетім етіп тастап кету кімге оңай тисін. Төсекте басы қосылмаса да, төскейде малы қосылған түркінің бір бұтағы Дөрбет, Уранхай ұлттарына деген қимастық бар. Себебі қиын-қыстау кезеңді бастан бірге өткізген тағдырлас халық еді.

«...Ешкім кесіп кетпейді ат кекілін-ай,
Ата жұртым шақырды, ашты есігін-ай.
Көшкен елге тілерім құтты қоныс-ай,
Сен аман бол туған жер – ақ бесігім-ай!

Немесе:

...Көшуге бел байлаған,
Көліктерін сайлаған.
Ағайынға ақ сапар,

Ұрпақ қамын-ай ойлаған», – деп қалған елге қайыр, жортқан елге жолың болсын деді ақын [6]. Қазтуған қалған жұртына: «Қайырлы болсын сіздерге, бізден бір қалған Еділ жұрт», – десе Мұрат ақын «Көшкен елге тілерім құтты қоныс-ай, Сен аман бол туған жер – ақ бесігім-ай», – деп жырлады. Қай уақыт болмасын тәубашыл елдің тарих толқынында түңілмейтін өткен өмір өрнегінің көрінісі. Қандай іс болмасын – қайырын күткен халық.

Қай ғасырда болмасын адамзат баласының арман-мақсаты мен мұрат-мүддесі әуезді әнге айналып отырған. Сондықтан да ән мен жыр – әдеби-мәдени мол мұрамыздың ішіндегі маңызы зор бір бөлшегі. Алтайдың алқабында «Ағажай» әніне арқау болған ел тағдыры Бүркітбай батырдың «Ой, Ғайша», Сұлубай серінің «Сұлубай» әнімен жалғасын тапты. Қоныс кеңітіп көшкен елдің ән мұрасы Алтайдың теріскей бетінде де белгілі деңгейде даму заңдылығын жалғастыра түсті. Соның бір тамшысы – М. Пұшатайұлының әнге айналған шоқтығы биік жырлары. Тәуелсіздік таңы атқан тұста атажұртқа атбасын бұрған елге берген ақ батасындай «Ақсапар» әні, сонымен қатар тарих толқыны толғандырған тұста туған «Толғауы», әлем қазақтарының әнұранына айналған «Ел көшкенде» қатарлы әндері әуезді музыкамен қабысып халық тағдырының тарихи куәсіне айналды. Бастысы әрбір әні көшкен елдің әнұраны болды. Ақынның өзі айтқандай, ойды күдік, бойды мұң меңдеткен шақтың тарихи дәлелі болып жүрекке мөрленді. Осы әндерге арқау болған 1991 жылғы көшті Қабдеш Жұмаділов «Соңғы көштің соңы» деп атапты. Тағдыр енді халыққа тауқыметті көшті тарту етпесін деп тілейік. Ән мен жыр тек қана жақсылықтың жаршысы болсын.

Осылай әрбір ән тарихқа, ал тарих әнге айналып отырды. Бабалар көше берді. Көшпен бірге тағдырлы тарих көшті. Сол тағдырлы тарих әнге көшті. Ән адам баласының жүрегіне көшті. Жүректен ешқайда көшпейтін сияқты. Сірә соңғы қонысы сол болар.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Тасмағамбетов И. Алтай-Тарбағатай өңірлерінің халық әндері / И. Тасмағамбетов. – Алматы: «Атамұра», 2009. – Б. 110, 111.
2. Қоспақов З. Сыр тартсақ тарихынан әншіліктің / З. Қоспақов. – Алматы, «Ғылым», 1996. – Б. 3, 4.
3. Шәкенұлы Ж. «Ағажай» ағат айтылмаса екен / Ж. Шәкенұлы // Түркістан. – 2008. – 3 сәуір (№13). – Б. 53.
4. Тасмағамбетов И. Алтай-Тарбағатай өңірлерінің халық әндері / И. Тасмағамбетов. – Алматы: «Атамұра», 2008. – Б. 7.
5. <http://www.matin.kz/halyk-anderi>

6. Пұшатайұлы М. Елкөшкенде / М. Пұшатайұлы. – Алматы: «Атажұрт», 2016. – Б. 35, 36, 37, 38.
7. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы / Х. Сүйіншәлиев. – Алматы: «Санат», 2006. – Б. 240.
8. Жәркен Б. Жұлдызтас / Б. Жәркен. – Алматы: «Атамұра», 2010. – Б. 48.
9. Әсемқұлов Т. Таңдамалы шығармалары. 4-том / Т. Әсемқұлов. – Алматы: «Жетісу», 2016. – Б. 128.
10. Қайырбеков Ә. Қамал бұзар қалпында көрем / Ә. Қайырбеков // Түркістан. – 2014. – 13 мамыр. – Б. 37.

REFERENCES

1. Tasmaqambetov I., *Altaj Tarbaqataj onirlerinin halyq anderi. Almaty, Atamura, 2009, 110, 111 (in Kaz).*
2. Qospaqov Z., *Syr tartsaq tarihyndan anshiliktin. Almaty, Qylym, 1996, 3, 4 (in Kaz).*
3. Shakenuly Zh., *Aqazhaj aqat ajtylmasa eken. Turkistan. 2008, 3 sauir. 13, 53 (in Kaz).*
4. Tasmaqambetov I., *Altaj Tarbaqataj onirlerinin halyq anderi. Almaty, Atamura, 2008, 7 (in Kaz).*
5. <http://www.matin.kz/halyk-anderi> (in Kaz).
6. Pushatajuly M., *Elkoshkende. Almaty, Atazhurt, 2016, 35, 36, 37, 38 (in Kaz).*
7. Sujinshaliev H., *Qazaq adebietinin tarihy. Almaty, Sanat, 2006, 240 (in Kaz).*
8. Zharken B., *Zhuldyztas. Almaty, Atamura, 2010, 48 (in Kaz).*
9. Asemqulov T., *Tandamaly shyqarmalary. 4 tom. Almaty, Zhetisu, 2016, 128 (in Kaz).*
10. Qajyrbekov A., *Qamal buz ar qalpynda korem. Turkistan. 2014, 13 мамыр, 37 (in Kaz).*

UDC 81'1'373.611

**G.K. KAPYSHEVA¹, N.A. SYDYKOVA²,
S.K. KAPYSHEV², M. GREIN³**

¹S. Amanzholov East Kazakhstan State University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

²Oralkhan Bokei School № 44 Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

³J. Gutenberg University, Germany

PHRASEOLOGICAL EQUIVALENTS OF ENGLISH, RUSSIAN AND KAZAKH LANGUAGES

The paper presents different languages comparative study, contrastive research has a theoretical applied and practical significance. Forms of knowledge about the world presented in comparative phraseological units appear as a certain types of structures of knowledge representation, as the types of concepts.

Keywords: linguistics, interlingual phraseological Equivalents, phraseological units.